

# Наурызым - асыл айым



Жылылықпен пен үміттерді жетелей келетін нұрлы көктемдегі Наурыз мейрамы жетті.

Бұл қастерлі мейрам бейбітшілік пен келісімді нығайта түседі. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамын Ақтайлақ ауылдық мектебі өте тамаша атап өтті. Ауыл мектебінің ұжымы мен ата-аналар бірлесе отырып, ауыл-ауыл болып дастархан жайды.

Салт-дәстүріміз бойынша ұлттық тағамдар, мерекеге сай көрмелер безендірілді. Қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында “Тұсау кесер”, “Бесікке салу” рәсімдері ұйымдастырылды. Сондай-ақ балаларға “Қоржын сыйы” тарту етілді.

**Р.Шалғынбаева,**  
**Ақтайлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы**